



Ардагерлер ұйымының құрылғанына-35 жыл



АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Жартытөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 23 маусымда сағат 11.00-де Жартытөбе ауылдық клубта өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 23 маусымда сағат 12.30-да Жартытөбе ауылдық клубта өтеді.

Құмкент ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 23 маусымда сағат 15.00-де Құмкент ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 23 маусымда сағат 16.30-да Құмкент ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Шолақорған ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 24 маусымда сағат 11.00-де Шолақорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 24 маусымда сағат 12.30-да Шолақорған ауылдық округі әкімдігінің мәжіліс залында өтеді.

Таукент кентінің тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 24 маусымда сағат 15.00-де Таукент кентінің мәдениет үйінде өтеді.

Азаматтарды жеке қабылдау 2022 жылғы 24 маусымда сағат 16.30-да Таукент кентінің мәдениет үйінде өтеді деп жоспарланауда.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы Созақ ауданы бойынша Республикалық референдумда дауыс беру нәтижелері туралы аудандық аумақтық референдум комиссиясының қорытындысы

Республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың жалпы саны – 35 441, Референдум комиссиясы алған дауыс беруге арналған бюллетеньдер саны – 35795, Бюллетеньдер алған азаматтар саны - 31 369, Дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны - 31 233, Мәселенің оң шешілуі үшін берілген дауыстар саны - 26 728, Мәселенің теріс шешілуі үшін берілген дауыстар саны – 3140, Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 1364, Жойылған (пайдаланылмаған, бүлінген) бюллетеньдер саны - 4426. Жалпы аудан бойынша дауыс беруге қатысқан 88,5 %, Мәселенің оң шешімі үшін – 91,63% дауыс алды.

Созақ аудандық аумақтық референдум комиссиясы.

Баспасөз-2022

2022 жылдың екінші жарты жылдығына аудандық «Созақ үні» газетіне жазылу жүргізілуде

«Қазпошта» арқылы
Жеке тұлғалар үшін-2279 теңге 64 тиын,
Мекемелерге-6759 теңге 24 тиын
«Ернұр Пресс» арқылы
жеке тұлғалар үшін-2304 теңге.
Редакция арқылы
Жеке тұлғалар үшін-2250 теңге.

Жазылуға асығыңыздар!

Құттықтау!

Қариялар-ырыс пен ынтымақтың қайнар көздері

Құрметті ардагерлер!

Сіздерді республикалық ардагерлер ұйымының құрылғанына 35 жыл толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Осынау жылдар аралығында ардагерлер ұйымына топтасқан қазыналы қариялар, елдің бірлігі, халықтың ынтымағы, жастар тәрбиесі жолында үлкен еңбек сіңірді. Мемлекет басшысының жаңа бастамаларына қолдау білдіріп, қоғамның бірлігін түсіндіру, насихаттау жұмыстарына белсене атсалысып, еліміздің дамуына елеулі үлес қосып келе жатыр. Бүгінде оның құрамында әр салада қызмет еткен 2 миллион 200 мыңға жуық зейнеткер бар.

Үлкенге қамқорлық – біздің халқымыздың санасына терең сіңген қасиет. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев аға буынның теңдессіз ерлігін құрметтеуге шақырған болатын.

Аға ұрпақтың елдің дамуына сіңірген еңбегі ерен. Жастай сұрапыл соғысқа аттанып, отанды қорғады. Еңбек майданына ерте араласып, берекелі өмір үшін бар күш-қайраттарын салды. Бүгінгі тәуелсіз елдің, бейбіт Қазақстанның көркеюі сіздердің арқаларыңыз, сіздердің еңбектеріңіздің жемісі.

Бүгінде ауданда 5948 ардагерлер бар. Олар қоғам өміріне белсене араласып, халықтың береке-бірлігі жолында тер төгіп жүр. Аудандық ардагерлер үйінде ағалар келелі кеңес құрып, елдік мәселені талқылайды. Жыл сайын біз ардагерлерге арналған әлеуметтік қызмет түрлеріне ерекше көңіл бөліп келеміз.

Қымбатты ардагерлер!

Сіздерді арқа сүйер ақылшы санаймыз. Егде тартқан жастарыңыз еңселеріңізді түсірмесін, елдік мәселенің жақтаушысы бола беріңіздер!

Беріңізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасы амандығын тілейміз!

Мұхит ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.
Бегімбет БАЙҒАРАЕВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

РЕФЕРЕНДУМҒА ХАЛЫҚ ОҢ КӨЗҚАРАСЫН ТАНЫТТЫ

Баршамызға мәлім, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты XXXI сессиясында Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу аясында республикалық референдум өткізуді ұсынған болатын.

Жалпы, референдум азаматтарды саяси белсенді болуға шақырып, әрбір тұрғынға мемлекеттің дамуына атсалысуға үлкен мүмкіндік береді. Әсіресе, конституциялық реформа жүргізудегі партияларға берілетін жеңілдіктер де тұрғындардың қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуына жол ашты.

Мемлекет басшысының бұл бастамасы жаппай қолдауға ие болып, республика көлемінде жалпыхалықтық науқанға дайындық жұмыстары жүргізілді.

Меніңше, түптеп келгенде, «референдумды демократияның маңызды институты» деп қарасақ, онсыз Жаңа Қазақстанды құру мүмкін



емес деп білемін. Мінеки биылғы жылы еліміз үшін өзгерістің жаңа бір парағы ашылды. Сонымен, наурыз айында жария етілген мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында

көрсетілген кешенді іс шараларды жүзеге асыру мақсатында конституциялық өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 5 маусымда елімізде республикалық референдум өтті.

Мемлекетіміздің конституциясын нығайтып, зайырлы қоғам құру үшін бұл өзгеріс елімізге елеулі серпін берері сөзсіз. Жаңа Қазақстан, Әділетті Қазақстан құру жолында елдігіміз байқалды. Халық бұл саяси науқанға бей жәй қарамады.

Жаңа көзқарасқа сеніммен қарап, белсенділік танытып, нақты қадам басты. Референдумға жергілікті тұрғындар таң азанымен барып, азаматтық борышын білдірді. Өз таңдауын жасады. Бұл дегеніміз халықтың өз елімізге деген жанашырлығы, келешекке деген сенімді көзқарасы деп санаймын. Ел болып бірігіп, жаңа қадамымызды нық басайық.

Нұржамал МАЙУСОВА.

ТАҒАЙЫНДАУ!

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы басшысының бұйрығымен Созақ аудандық аумақтық инспекциясының басшысы болып Дәуренбекова Римма Жегібайқызы тағайындалды.



Созақ ауданының әкімі Мұхит Тұрысбеков, Түркістан облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Ибрагим Бегасилов Созақ аудандық аумақтық инспекциясының жұмысын жаңа басшымен таныстырып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Дәуренбекова Римма Жегібайқызы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінде «Агроном» мамандығын бітірген. 2007-2022 жылдан бері Созақ аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы қызметін атқарған. Жанұялы.

«Созақ үні»-ақпарат.



Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналды

Балғын, өскін қыз баланы, ұл баланы балалар деп айтып, жазып жүргендей, біздің елімізде де, мемлекетіміздің болашағы дегені жанымызды жылытады. Өйткені, олардың әрқайсысы әрбір жаняның қызығы болуымен қатар жетілген кезде қоғамның дамуы тірегіне айналады. Содан да, Біріккен Ұлттар Ұйымы маусым айының бірінші күніне Халықаралық балаларды қорғау мерекесі күнін етіп лайықты белгілеген. Осыған орай Президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялауының мәні зор екендігі белгілі.

Сол жағдайды басшылыққа алған билік тараптары бүкіл еліміздегі сияқты ауданымызда да балаларды қорғаудың күнін атап өтті. Құмкент ауыл әкімшілігінде осындай бас қосу шарасы болып, мүмкіндігі шектеулі жеткіншектер үшін дәмхана-

да арнайы дастархан жасалып сый-сыйапат көрсетілді. Бұл істің атқарылуына «Созақ ауданы Мүгедектері қоғамдық бірлестігі» мен мүмкіндігі шектеулі балаларға қызмет көрсететін жергілікті әлеуметтік қызметкер Атабекова Гүлзина ұйымдастырып қаржысын көтерді.

Мереке күнді атап өту барысында, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Е.Досболов, ауыл әкімдігінің қызметкерлері Б.Әбішев, У.Тоқмейлова, Созақ ауданы Мүгедектері қоғамдық бірлестігінің төрағасы М.Раимов және аналар ізгі тілектерін білдіріп, жас өскіндерге денсаулық тіледі.

Балалар да қуанып жатқан тақпақтарын, өлеңдерін айтып, би биледі.

Гүлдана БЕЙСЕНОВА,
Аудандық Мүгедектер
қоғамдық бірлестігінің
қызметкері.

ДЕМЕУШІЛЕР БІР ОТБАСЫНА ҮЙ СЫЙЛАДЫ

Рәміздер мерекесі қарсаңында Созақ ауданында жұмыс жасайтын «CentralAsiaMining Co» ЖШС-і басшылығы Қарақұр ауыл округі, Раңата елді мекенінің тұрғыны Шайнеков Қарабекке үй сыйлады. ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының «Ел үлесі – пәтерге» акциясы аясында 561-баспана табысталды. Елді мекен тұрғынына үй беру мәсе-



лесіне ауыл имамы Сұлтанбек Шайменов ұйытқы болды.

Үй табыстау рәсіміне аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысып құттықтау сөз сөйледі.

Қазіргі таңда жомарт жандар мұқтаж отбасыларға үй сыйлап, жақсы үрдісті қалыптастырды. Бүгін осындай қуанышты сәттің куәсі болып отырмыз. «CentralAsiaMining Co» компаниясы тұрғындар бастамасын қолдап, игі істі жалғастырды. Өзге де компанияларға үлгі болатынына сенеміз. Үйдің іші қуанышқа толы болсын, – деген тілегін жеткізген аудан басшысы қоныс тойына арнап, сый-сияпатын табыс етті.

Сондай-ақ, ауданның бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов, ауыл имамы Сұлтанбек Шайменов жылы лебізін білдіріп, алғыстарын жеткізді. Ауыл ақсақалы Тілеубек Ибрайымов батасын берді. «CentralAsiaMining Co» ЖШС атқарушы директоры Рахымжан Сейтжанов тұрғынға үйдің кілтін салтанатты түрде табыс етті.

«CentralAsiaMining Co» ЖШС Қарақұр ауыл округіне бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында тұрақты түрде демеушілік жасап келеді.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.



20 жылдық түлектер құран кәрімнен жарыс өткізді

Биыл Созақ ауданының мектеп бітіруші түлектері ерекше бастаманы қолға алды. Шолаққорған ауылындағы Асқар Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебін бітіргеніне 20 жыл болған түлектер, Құран Кәрім оқудан облыстық жарыс өткізді. Орталық мешітте өткен жарысты ауданның бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов жүргізіп отырды. Жарыс шымылдығын Түркістан облысының наубай имам Қашқынбаев Бекжан Бердібайұлы ашып, жылы лебізін білдірді.

Өз сөзінде бас имам, Құран Кәрімнің қасиетіне тоқталып, ұйымдастырушы түлектерге ризашылығын жеткізді. Облыстың аудандарынан келген қатысушы қариларға сәттілік тіледі.

Жалпы, құран сайысына 20 қари қатысты. Оған білікті имамдар төрағалық етті. Үміткерлер күні бойы әуезді даусымен көпшіліктің құлағын құран үнімен тербеді. Тартысты өткен сайыста бас жүлде 150 000 теңгені созақтық қари Абай Шыңғысұлы жеңімпаз деп танылды. Сондай-ақ Кентау қаласынан келген Нұрлаев Есен екінші орын алып 100000 теңге ақшалай сыйлық табыс

етілді. Үшінші орын тағы бір кентаулық қари Әбдіахмет Дінмұхаммед 50 000 теңге сыйақы тағайындалып, оның жеңімпазы болды. Қатысушы барлық қариларға ақшалай сыйлық берілді.

Құран Кәрімнен өткен жарысты ұйымдастырушы, Асқар Сүлейменов жалпы орта мектебінің түлегі Біржан Жұмабаев: - Қасиетті құран кәрімнен жарыс өткізіп, Алла жолында жақсы бір іс істедік деген ойдамын. Алдағы уақытта бұл істі өзге азаматтар жалғап кетсе құба-құп,- дейді. Ауданның бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов, ерекше іске ұйытқы болған азаматтарға алғысын жеткізді.

Сонымен қатар Асқар Сүлейменов мектебінің түлектері өздері оқыған мектепке кіре беріс қақпа орнатып берді. Білім ордасының әрін ашып тұрған қақпаға мектеп жұмыс үлкен ризашылығын білдірді. Наурыз айында кіші футболдан аудандық жарыс өткізіп, спортсүйір қауымның алғысын алған болатын.

«Созақ үні»-ақпарат.

Бала барымыз, болашағымыз

«1 маусым балаларды қорғау күні» қарсаңында «Халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін аудандық аумақтық орталығы» КММ-нің «Күндізгі қатынау және әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу» бөлімшесінде «Біз

тігінің төрайымы Н.Майусова мен мүшелері ізгі тілектерін айтып сөз сөйлеп, қызмет алушы 40 балаға тәттілер және жұмсақ ойыншықтар тарту етіп балалардың көңіліне қуаныш сыйлады. Ал, жеке кәсіпкер Жама-



бақытты баламыз» атты ертеңгілік іс-шара өткізілді. Іс-шараға ата – аналар, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің мүшелері және әлеуметтік қызметкерлер қатысып балалардың өнерлерін тамашалады. Іс-шара барысында Созақ аудандық мәслихатының депутаты, «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлес-

лов Бауыржан бәріне бірдей балмұздақ таратты. Ата – аналар балаларға сый – сияпат жасаған демеушілерге, ертеңгілік іс-шарасын ұйымдастырған «Күндізгі қатынау және әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу» бөлімшесі қызметкерлеріне алғыстарын білдірді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Осыдан жыл жарым уақыт бұрын өңір басшысы Өмірзақ Шөкеев Созақ ауданында төрт түліктің төресі- түйені көбейтуді көздеп, ішкі нарықты тұтастай қамтуды міндеттеді. Ойсыл қара тұқымының өзге өңірлермен бәсекелес болатындай қауқары бар ауданға осы кәсіпті мықтап қолға алып, ауданда түйе шаруашылығын дамытуға қатысты бірқатар міндеттер жүктеген болатын. Бұл туралы аудан әкімі ауылдар мен елді мекендерде халыққа түсіндіре жүріп, аудан жұртшылығын батыл бастаманы қолдауға шақырды. Сол кезде осы түйе шаруашылығына жанашыр азаматтың бірі Қыдырбай Раманқұлов ауылдар мен елді мекендерде болып түйе шаруашылығын дамыту мақсатында насихат жұмыстарын жүргізгенін білетін едім. Бүгінгі күні зейнет демалысына шықса да ауданымызда түйе түлігіне жанашыр, түйе шаруашылығына жанкүйер азамат ретінде ойындағы оңды пікірлерін, ұтымды ұсыныстарын кейінгі жастарға айтуды өзінің парызы санайды. Сол себепті де Қыдырбай ағамыздың

сілтейді,-дейді түйе десе қанаттанып кететін Қыдекең.

Әлі күнге дейін есімде 2015 жылы Алматы қаласында «ISOGARD» қоғамының ұйымдастыруымен «ISOGARD-2015» «Жібек Жолы түйелері: тұрақты дамуда камелидтерді зерттеу» тақырыбында төртінші ғылыми конференция болып өтті. Әлемнің Германия, Ауғанстан, Қытай, Монғолия, Араб Біріккен Әмірлігі, Ливия, Марокко, Италия, Иран, Ирак, Индия, Ресей, Жапония, Түркия, Америка сияқты 48 елінен келген 200-ге жуық делегаттар ішінде Шолаққорған ауыл әкімдігі жанынан құрылған селолық тұтыну кооперативінің төрағасы Қыдырбай Раманқұлов бастаған, құрамында аға түйеші Төреқұлов Сайлау, түйешінің көмекшілері Қыстаубаев Орынбасар, Нұрсейітов Айнабек, сауыншы Төреқұлова Майра қостаған топ осынау әлем ұлықтаған игі шараға қатысып қайтты. Айтулы шараға бару, келу, тамақтану, жатын орны, жол сапар қаражатына «Катко» біріккен кәсіпорны ЖШС (директоры Же-



құдықтар қаздыру, түйе отарларының кешенді жоспарларын құру, өнім беретін түрлеріне қарай түйе малдарының азықтық қорын жасақтау алдағы уақытта аудан көлемінде түйе шаруашылығын қайта жандандыру үшін аса зор маңыз береді. Бұл байыпты бағдарламаға басым қолдау қажет-ақ дейді білікті мал маманы, зейнеткер Қыдырбай Дәнбайұлы Раманқұлов.

Қыдырбай ағамыздың аз-кем өмір дерегін келтіре кетсек: Жартытөбе ауылында дүниеге келген. Мектеп қабырғасынан кейін 1979 жылы Қап-ланбек зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын бітіріп, мал дәрігері мамандығы бойынша білім алып, дипломды маман атанып келгеннен кейін 1979-1980 жылдары жартытөбе совхозы №1-ші фермасында кіші мал дәрігері, 1981-1991 жылдары Калинин совхозында кадр бөлімінің бастығы, аптека меңгерушісі, қойма меңгерушісі болып шаруашылықтарда жұмыс жасады. Тәуелсіздік алған жылдары алдымен «Достық» шаруа қожалығын ашып, кәсіпкерлік салада бол-

МАМАНДЫҒЫН МАҚТАНЫШ ТҰТҚАН АЗАМАТ

өз аузынан естіген ойларын, замандас іні-бауыр, әріптестерінің Қыдырбай ағамыз туралы жылы сөздерін жариялауды жөн көрдік.

-Ауданымызда түйе шаруашылығын дамыту -жайылымды тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Аудан халқының азықтық қорында түйе еті мен сүті басымдық алады. Аудан құрылған кезеңнен бастап түйе малына жайлы Созақ өңірі осы түлікті қолға алып, мемлекет пайдасына қыруар пайда әкелгені белгілі. Жегенге ет, мінгенге көлік, ішкенге сусын, аса күй талғамайтын, қысқы борасынға да, жазғы аптап ыстыққа, шөлге төзімді ойсыл қара тұқымы мал түрлерінің ішінде бал бағушы шаруаға тиімді мал түрі саналады. Бағып баптай білген шаруаға көп-көрім табыс әкелетін түйе еті қысқы соғым кезінде ортаңқол отбасының дастарханына сән береді. Сол себепті де соңғы жылдары түйе малының тиімділігін ескерген шаруалар майда малдарын ірі қараға айналдырып іргелі ірі қара шаруашылығына бет бұрып келеді.

Елімізде түйенің екі тұқымы мен будандары өсіріледі. Қазақстан дүние жүзі бойынша түйе шаруашылығынан

рар Фриес) демеушілік жасады. Конференция Әл Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің қалашығында өтті. Түйенің ортасында жүріп оның қасиеті мен көл кесі табыстың көзі екендігіне Алматы асып барып келіп көзі жеткен арнайы делегация мүшелері алған әсерлерін айтып жеткізе алмауда. Конференцияны университет ректоры Ф.Мұханов ашып, жүргізіп отырды. «ISOGARD» қоғамының төрағасы А.Халафалла, OIE өкілі Эль-Харрак, FAO өкілі М.Бенгуми, ғылыми кеңестің төрағасы Г.Коньспаев түйе шаруашылығын дамыту жолдарына кеңінен тоқталды.

-Қарамағына пәлен адамды жұмыспен қамтып, түйе өнімінен қымыраны мен шұбаттан бастап, иогурт, түйе сүтінің шоколады, конфеті, құртын қосқанда оннан астам түрін қалалар мен шет елдерге асырып саудалап жатқан қазақстандық түйешілер туралы арагиді естіп, хабардар болып жатамыз. Қалаға қарай шұбат тасып, сатып жүріп көп пайдаға кенеліп, серіктестік құрып, ұйымдастырып осы істі қолға алып, айналасы он жылдан аса уақытта ірі кәсіпорына айналдырған азаматтарды да білеміз. Осындай азаматтар Созақ ауданында да бар. Тек оларға кәсіптің

қыры мен сырын түсіндіріп, қаржылай қолдау жасау керек-ақ. Созақ ауданы барлық облыс аудандары ішінде түйе малына ең қолайлы аймақ. Халқымызда қасиетті мал саналатын түйе баққан адамға, қараған шаруаға мол табыс әкеледі. Ауданда осы түйе шаруашылығын дамытқысы келетін азаматтарды, шаруаларды облыс аумағындағы, тіпті республика шеңберіндегі озат шаруашылықтарға апарып, іс-тәжірибелерін үйреніп қайтса Созақта түйе малын дамытуға септігі мол болар еді,-деген еді сол конференцияда сөз алған Қыдырбай Дәнбайұлы.

Конференция кезінде Қытай елінен келген делегаттар 50 кг-нан 50 тоннаға дейін түйе сүтін өңдейтін, түрлі ыдыстарға құйып сатылымға жіберетін, түрлі өнім түрлерін жасап шығаратын зауыт жобаларын ұсынды. Қажет ретінде тапсырыс берушілер болса жер шалғайлығына қарамай арнайы барып қондырып беретінін де келісуге болатынын айтты. Бүгінгі таңда республикамызда 200 мың бас түйе бар. Сүт бағытындағы түйе шаруашылығы аса қиындықпен дамып келеді. Өйткені оны іске асырып,

тұтынушыға жеткенше түрлі технологиялар қолданылады. Ал ет пен жүн бағытындағы түйелер негізінен екі өркешті түйелер, бұл тұқым түрлері қысы, жазы далада жүреді. Бордақыланып қолға ұсталынбайды. Қоңы келген мезгілде ет ретінде өткізе бересің. Әрі шығыны да жоқ. Қазіргі таңда ауданымызда 10 200-ден астам жуық ойсыл қара тұқымы бар.

-Бірақ түйе шаруашылығының бүгінгі жағдайын сипаттап өтсек, оның ойдағыдай тиімді дамуына кедергі болатын себептер бар. Олар жалпы түйе шаруашылығындағы асыл тұқымды түйелер үлесінің үлесіндігі, түйеден алынатын өнімдер, ет, жүн, сүт негізінен өңделмеген түрінде төменгі бағамен өткізілетіндігі, түйе сүтінің тек жаз маусымында ғана өндірілетіні, түйе саласын білетін арнайы мамандардың жоқтығы, осыдан келіп түйе шаруашылығында бәсекелестіктің, оны тудыратын өнім өндірудің құқықтық базасының жоқтығы түйе шаруашылығын кежегесінен кері тартып тұр. Ол үшін не істеу керек десек, алдымен арнайы түйе өнімдерін өндіретін орта және ірілендірілген тауарлы шаруашылықтардың құқықтық және экономикалық негіздемесін жасау, шетелдерге шығарылатын және бәсекелестік тудыратын өнім бағытын анықтау. Бізде сүті мен етіне аудан тұрғындары арасында сұраныс бар. Ал жүніне сұраныс жоқ. Ауылды жерлерде түйеден алынған өнімдерді алғашқы өңдеуден өткізетін өндіріс орындарын құру, өнімдерді өткізетін орындармен келісім түзу, сол арқылы өнім сұранысын анықтау. Мысалы, ауданымыздағы уран өндіретін тау-кен саласындағы өндіріс орындарына экологиялық сүзгі ретінде түйе сүтінің өте қажеттілігі туралы тағамтанушы мамандар жиі айтып жүр. Сондағы жұмысшылардың күндік рационнан түйе сүтін қосу. Аудан көлеміндегі екі кәсіптік білім беретін колледждерде түйе шаруашылығына қажетті мамандар дайындау, оларға пайызсыз ұзақ мерзімді несие беру арқылы өз кісібін ашуға қол ұшын беру, бос жатқан Бетпақ даладағы, құм жиегіндегі жайылымдарды тиімді пайдалану, Бетпақ даладағы құдықтарды жөндеуден өткізу немесе өндіріс орындарын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін артыру мақсатында осы игі мақсатқа тарта отырып, жайылымдық ұңғыма

ды. Одан кейін 1996-1999 жылдары «Жеткіншек» өндірістік кооперативі төрағасының орынбасары, 2000-2013 жылдары Созақ аудандық малдәрігерлік қызмет мекемесінің директоры қызметтерін атқарған. Қызмет еткен жылдары ішінде Шолаққорған ауыл әкімдігіне қарасты селолық тұтыну кооперативінің төрағасы болды. Қыдекең отбасында жұбайы Дүйсенова Орынқыз Төлегенқызы екеуі құдайдың берген ұл-қыздарынан тараған немерелерінің сүйікті ата мен әжесі атанып, жастарға ақылы мен кеңесін берген бәтуалы қариялар санатында. Орынқыз бар ғұмырын ауданымыздың қаржы-есеп саласына арнаған азаматша. Үлкен ұлы Жасұлан Қырғыз Республикасы Бішкек қаласындағы КГУСТА университетін инженер мамандығы бойынша бітірген. Нұрсәуле Бішкек қаласындағы Арабаев атындағы шет тілдері және мәдениет институтының қытай тілі мамандығы бойынша білім алады. Нұржамал Қырғыз Мемлекеттік университетінің мемлекеттік басқару мамандығы бойынша қызыл дипломмен бітірді. Ботагөз Қытай Халық Республикасының Ханчжоу университетін, Ханзада болса Ужэ Цзян мемлекеттік Халықара-

-Қыдекең екеуіміз талай жылдар осы мал шаруашылығы саласында, оның ішінде ветеринария бөлімінде иық тіресе қызмет атқардық. Қыдекең көпшіл, шежіре әңгіменің тиегін ағызатын, өткен-кеткен тарихымыздан хабары бар азамат. Өз ісінің білгірі. Жастарға да ақылын аямайтын, үлкендердің де көңілін жықпайтын көргенді азамат. Қыдырбай ініме қандай құрмет жасалса да сол құрметке лайықты жан,-дейді еңбек ардагері Нұрсейіт Жасұланов.

ал-дыңғы қатарда келеді. Түйе аса бағалы түлік, әрі оның шаруашылыққа пайдалы қасиеттері көп. Түйе малы өзінің күш-қуатымен, шөл және шөлейт жердің қатаң жағдайына бейімділігімен, ерекшеленеді. Басқа мал түрлері жемейтін өсімдіктердің көпшілігімен қоректенеді. Ащы, тұзды суды іше жүріп құнарлы ет, тері, жүн, шипалы дәрумені мол сүт беретіндігі алғашқы уақытта ғалымдарды таң қалдырған. Түйе күш көлік ретінде пайдаланылып келген. Тіпті түйені ұлттық спорт түрінің ішінде түйе бәйгеден көріп қос қолды көтере қолдап қуаттаған кезімде болды. Елбасымыздың «100 нақты қадам» бес институттық реформасында шаруалар жайын жақсартуға батыл бағыттар

Қыдекеңді өз ісін жетік білетін маман, шаруашылықтың жайын, төрт түліктің бабын терең түсіне білетін білімді азамат ретінде бағалаймын. Жастайынан әкесіне көмектесіп, мал шаруашылығында жұмыс жасады. Әсіресе майда мал қой өсіру саласында қыс қыстау, көктемгі сақман, көктемгі төл алу, күзек, қырқым сияқты дамыл таптырмас, ұзақты күн қой соңында, қой қорада жүріп өмірлік тәжірибе жинақтады. Сол әкенің тәрбиесі арқылы осы саланың талай жылдар нанын жеді. Қиындығы мен қызығын көрді. Сондықтан да қыдекең еңбектің асқар биігіне жете білген азамат. Зейнет жасында болса да Қыдекеңнен әлі де үйренеріміз мол,-дейді әріптесі Мырзағали Жақиев.

лық экономика және сауда университетін бітірген. Барлығы да тәуелсіз еліміздің дамуы мен өркендеуі жолында халыққа қалтқысыз қызмет етіп жүр. Жоғарыда басты кейіпкеріміз туралы оңды пікірлері мен есті ойларын білдірген аға буын азаматтардың пікірлеріне құлақ ассақ Қыдырбай Раманқұлы қандай құрметке болса да лайықты азамат деп білеміз.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Құрметті ардагерлер, қонақтар!

Ардагер деген сөзді айтқанда тебіренбей, толқымай отыра алмайсың! Өйткені олар өтіп жатқан тарихымыздың тірі куәгерлері ғана емес, сол тарихты жасаушылар. Жас ұрпақтың табан тірер тұғыры. «Дүние үлкен бір көл, замана соққан жел, алдыңғы толқын-ағалар, кейінгі толқын-інілер, кезегімен келінер, баяғыдай көрінер» деген еді ғой ұлы Абай. «Ауылда абыз қарияң болса-жазып қойған хатпен тең», «Қыз елдің көркі болғанда, жақсы қария сол елдің атақ, абыройы» деген де бар.

Ардагер-құрметті, қадірлі ардақты адам деген мәнді білдіретін этикалық ұғым. Ел қамын ойлап, намысын қорғаған, елеулі еңбек сіңірген абыройлы адамды халық ардагер деп жоғары бағалайды.

Ардагер-ол әр шаңырақтың қыдыр дарып, бақ қонар қасиетті тұғыры, берекесі мен ұстыны, ақылгөйі мен тілеуқоры. Әрқашан қарияларымыз, ақ жаулықты алтын құрсақ әже-



3500 ардагер бар болса, бүгінгі күнге ардагерлеріміздің саны 5948-ге жетіп отыр. Яғни, 35 жыл көлемінде аудан ардагерлерінің саны 2448-ге көбейгенімен өкінішке орай соғысқа қатысқан ардагерлер саны, тыл еңбеккерлері, соғыс жауынгерлерінің жесірлері, ҰОС мүгедектері теңестірілген және жалғызбасты қарттарымыз жылдан жылға біртіндеп азайып келе жатыр. Өмір заңы солай "кезегімен келінер" деген осы. Иә, олардың қатары біршама көп болатын. Әрқайсысы бір-екі кітапқа арқау болатындай тағдырлары күрделі еді. Бұған дейін де жазылған, талай жерде аттары аталған, алдағы кезде жазылатын, ерліктеріне бас иетін Созақтың соғыс ардагерлері жетерлік. Ауданнан аттанған 6000 мыңдай жауынгерлердің үштен екісі елге оралмаса, елге оралған ҰОС ардагерлері Жылысбаев Мырзахмет, Тагиев Шәміл көкелерімізден басқа майдангерлердің түгел өмірден өткенін ойласақ, барлық соғыс ардагерлерінің ерліктерін,

ӘР ШАҢЫРАҚТЫҢ

«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 35-жыл толу мерекесіне орай

леріміз аман болсын! Қадірлейікте, құрметтейік асылдарымызды!

Қадірлі ақсақалдар! Ардақты әже-аналар! Бүгін сіздермен жарқын-жарқын сөйлесіп, көтеріңкі көңілмен мерекемізді атап өтіп жатсақ, ол-ең алдымен Тәуелсіздігіміздің Егемендігіміздің арқасы!

Ал Тәуелсіздік дегеніміз ата-бабаларымыз сан ғасыр аңсап, армандаған қасиетті ұғым. Өткен жылы ғана Тәуелсіздігіміздің 30-жылдығын атап өтсек, биылғы жылы республикамызда ардагерлердің дербес ұйымының құрылғанына 35 жыл толып отыр. Өздеріңізге белгілі, Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, елде майдангерлерді марапаттау, оларды қадірлеу үрдісі кең өріс алды. Сонымен бірге тағдырдың жазуымен кей ардагерлер жалғыз-ілікті, кейбіреулері мүгедек болып қамқорлықты қажет еткен жағдайлар да болды. Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен қатар тылда бөлін жазбай еңбек еткен, көп қиыншылықтарды бастан кешіріп қажыр-қайрат көрсеткен, апайларымыз бен аға-көкелеріміз, бұғанасы бекімеген жасөспірімдер ерекше ілтипатқа лайық еді. Бір-ақ сол ардагерлер қоғам тарапынан, мемлекет тарапынан қорғалмаған шашыраңқы күй кешті. Осы мәселе күрделене келе ардагерлердің өзі бастамашы болып, басшылықтың қолдауын талап етіп, ардагерлердің өз алдына дербес ұйымын құрудың қажеттілігін көрсетті. Осылайша 1987 жылы 21 наурызда, наурыз мерекесі қарсаңында Қазақстанның сол кездегі астанасы Алматыда ардагерлердің алғашқы құрылтайы өтіп, онда республикалық ардагерлер ұйымы құрылған болатын. Негізгі мақсаты ардагерлердің құқы қорғау және оларды саяси-қоғамдық жұмыстарға кеңінен, ұйымдасқан, жоспарлы, бағдарламалы түрде тарту болды. Соңынан облыстарда, аудандарда ардагерлердің конференциясы ұйымдастырылып, ұйым төрағалары сайланып, жүйелі жұмысқа кірісіп кетті. Сол кезде Республика ардагерлер ұйымының құрамында 1 млн.730 мыңнан астам мүше тіркелген болса, олардың 9 мыңнан астамы Ұлы Отан соғысына қатысқандар, 225 мыңы тыл еңбеккерлері, 880-ні концлагерлер тұтқындары, 1400-дейінгі қаза болған жауынгерлердің жесірлері, сонымен бірге 2-мыңдай ардагерлер елге еңбегі сіңген қайраткерлер, ғалымдар мен жазушы-өнер қайраткерлері болды. Бұл адамдар біздің қоғамның ары-

мен бетке ұстар мақтаныштары болатын. Олардың арқасында фашизмді тізе бүктіріп, соғыстан кейінгі жылдары өнеркәсіп пен шаруашылық қалпына келтіру, ауылшаруашылық саласын көтеру жұмыстары жүргізілді. Көптеген қалалар салынып, жаңа өндіріс ошақтары іске қосылды. Одан бергі уақыттарда да жаңарған дүниені орнықтырып, елге қалтықсыз, еңбек студия үлгі-өнегесін көрсете білді.

Республикалық ардагерлер ұйымының алғашқы төрағасы болып, сол кездегі үкімет басшысының орынбасары Шәңгерей Жәнібеков сайланды. Ұйымның жұмысының қалыптасуына, оның беделін көтеруге әр қашан есімі елге танымал атақты адамдардың сайлануының мәні зор. Республикалық кеңестің екінші төрағасы болып Ш.Екейін, одан кейін кеңес Одағы батырының

дагері Бораев Петр Темболатұлы, сосын көп жылдары бойы Кабилов Николай Шамеутдинұлы басқарды. Арасында бұл ұйымды ғалым Молдабеков Шаяхмет басқарған жағдай да болды. Қазір бұл қызметте, бәрімізге белгілі, құрметті Жеңісбек Мәуленқұлов жемісті де, жігерлі қызмет етуде.

Созақ ауданында ардагерлер ұйымының жиыны алғаш рет 1987 жылы 7-ақпанда өтті. Ол кезде ауданда 3500-дей ардагерлер, 445 Ұлы Отан соғысына қатысушылар болатын. Алғашқы рет ұйым жетекшісі болып, аудандық кеңес атқару комитетінің 1-ші орынбасары Амангелді Мырзалиев сайланды. Бұл жұмысты ол кісі 1996 жылға дейін атқарды. Ұйымның ең алғашқы міндеті-барлық ардагерлердің аудан бойынша есебін қайта жүргізіп, олардың тұрмыс жағдайларын анықтау болды. Одан

өмірбаяндарын хабарламаға түсірмедің, атамадың деп айыптауларыңызды өтінемін. Бұл мүмкінде емес. Тек қана Берлинді алуға қатысып қайтқан Тастанов Үббі, Арқабаев Қодас ақсақалдар мал шаруашылығын өркендетуге белсене араласып, Социалистік Еңбек Ері атағына ие болып, нағыз жауынгерлік асқақ рухтың шын иесі екендігін еңбегімен дәлелдеп берген батырлар екендігін айтып өтуді жөн көрдім. Бұл кісілермен қатар тыл ардагерлері, Тұяқбаев Төлепберген, Әлібаев Берғазы, Әметов Бурхан, Жынысбаев Әбілдә, Берғазиев Көштен сияқты Социалистік еңбек ерлерінің есімдерін мақтанышпен айтамыз. Жалпы ардагерлер дегенімізден бұлардың өзі де бірнеше толқын болып, жаңа буындарды қатарына қосып алуда.

Қан майданның қалың ортасында болғандарымен қатар, қайсар аза-



атағын алған, және Қазақстан Халық қаһарманы, генерал-полковник Сағадат Нұрмағанбетовтың сайланғанын жақсы білесіздер. Одан кейін бұл ұйымды 25-жыл бойы Қазақстан жоғарғы Кеңесінің төрағасы болған Мақатай Сағадиев басқарды. Кейінгі жылдары Қайырбек Сүлейменов, Өмірзақ Озғанбаевтар жетекшілік етсе, қазір бұл ұйымды Парламент мәжілісінің төрағасы болған Бақтықожа Ізмхамбетов басқарып келеді.

Ал, облысымызда, өздеріңіз білесіздер алғашқы ардагерлер кеңесінің төрағасы болып, облыстық атқару комитетінің орынбасары Немченко Валетин Иванович сайланса, одан кейін Ұлы Отан соғысының ар-

кейін Бидаулетов Рысбек ағамыз 2007 жылға дейін басқарса, өздеріңіз білесіздер Аманбек Мұсабеков ағамыз 2016 жылдың сәуір айына дейін жемісті еңбек етті. 2016 жылдың сәуір айынан, осы кезге дейін аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып мен басқарып келемін. Ардагерлер ұйымдарының жұмыстарына тікелей мемлекет басшысы, облыс, аудан әкімдері өздері қамқорлық жасап, үнемі назарда ұстап келе жатқанын айтудымыз керек.

Қадірлі ардагерлер!

Созақ аудандық ардагерлер ұйымы құрылған 1987 жылы есепте

маттардың да есімдерін кейінгі жастарға үлгі етуіміз керек, әлденешерет жараланса да, жазылған соң майданға сұранып барғандарда аз болмады. Елге келген соң күйзелген шаруашылықты қалпына келтіріп, қиналған халықты тойындырып, елді басқару ісіне белсене араласқандардың қатары да едәуір. Осылардың қатарында тыл ардагерлерінің де қажырлы еңбектерін айтуға тиістіміз. Мұнда да майдандағыдан еш кем емес, жан беріп, жан алысқан қиын күндер өтті. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұран соғыстағы «Бір қадам да шегінбе!» дегеннен кем болған жоқ.

Әйелдермен жас балаларды мүгедек жасы келген қарияларды колхоз жұмысына қосып елге, майданға астық, жылы киім, қаржылай көмек беруді ұйымдастырды.

Азаматтары қаза болған аналар мен жас жұбайларына тоқтам сөзін айтып, жабыққан көңілдерін жұбатып, шын мәнінде елдің ағалы, қамқоры бола білді. Біз бұл кісілердің де еңбегіне бас иіп, тағзым етуге тиістіміз.

Кейінгі толқын ағаларымызда жасынан комсомол, партия, шаруашылық істерінде шыңдалып, елге қызмет етудің адал үлгісін көрсетті. Тәуелсіздік жылдарында да, қайта құру кезеңдерінде, нарықтық қоғамда да ел үшін қызмет етіп, ұйымдастыру жұмыстарының қиыншылықтарын бастан өткізген ағаларымызбен біздің қатар ардагерлерміздің де қажырлы еңбектерін ұмытпауымыз керек.

Құрметті ардагерлер!

Бүгінгі күні Созақ аудандық зейнетақы төлеу және әлеуметтік бағдар-



БЕРЕКЕСІ МЕН БАҒЫ

аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетовтың хабарламасы

ламалар бөлімінің есебі бойынша 5948 зейнеткер бар болса, оның 91-пайызы аудандық ардагерлер ұйымында тіркеуде тұрған ардагерлер. Яғни, есептегі 5467-ардагерлер 30 бастауыш ардагерлер ұйымдарына тартылған.

2016 жылғы өткен конференциядан бері аудандық ардагерлер ұйымындағы ардагерлердің саны 1136-ға артса, бастауыш ардагерлер ұйымының саны 13-ке көбейтіп отыр. Олардың ішіндегі 2-і Ұлы Отан соғысының ардагерлері, 247- тыл ардагерлері, 12- Ұлы Отан соғысына қатысушы жауынгерлердің жесірлері, 19-Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендер ерекше қамқорлыққа алынған.

Аудандық ардагерлер ұйымы, Республикалық ардагерлер ұйымының VII-сезі бекіткен Жарғысымен ережеге және VIII-сезінің шешімдері негізінде жұмыстар атқарып келеді.

Әрине басшылыққа алынып жұмыс жасап жатқан құжаттардың арасында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Республика халқына арналған жолдаулары, мақалалары және Қазақстан Республикасының Конституциясымен әртүрлі заңдар, заңдық күші бар актілердің жиынтығы бар.

Қазіргі таңда ауыл, кент округтері бастауыш ардагерлер ұйымдарының жанынан – «Әжелер алқасы» құрылса, аудандағы 35- мектептің жанынан 35- әкелер мектептері және аудандағы үлкен бастауыш ардагерлер ұйымдарының жанынан «Дәнекер» жобасы бойынша қоғамдық медиаторлар тобы ұйымдастырылып жұмыстар атқаруда. Аудандық ардагерлер кеңесінің, оның жанынан құрылған тұрақты комиссиялардың, «Әжелер алқасының» және «Әкелер мектебінің» әр жылға арналған іс-шараларына сәйкес жұмыстар жүргізіп келеді. Аудандық ардагерлер кеңесінің жұмыстарын іс-жоспарға сәйкес тиянақты да күнделікті ұйымдастыруға 2017 жылы облыстық мәслихаттың депутаты, кәсіпкер Тұрысбеков Мағауия ініміздің демеушілігімен салынған «Ардагерлер үйінің» пайдалануға берілуі үлкен септігін тигізді.

Жұмыс істеуге, ардагерлердің басқосуына, әр түрлі іс-шаралар өткізу үшін, ішіндегі жиһаздарын, жұмсақ кілемдермен дивандар, шақфтар, жұмыс столдарымен орындықтар, телевизор, компьютерлер алуға демеушілер тартылды, «Ардагерлер үйінің» ашылу салтанатына қатыс-

қан ардагерлер Мағауия Сексенбайұлына, басқада демеушілерге рахмет айтып, баталарын берді.

Аудандық ардагерлер кеңесі 2016 жылдан бастап, жыл сайын 8 наурыз- халықаралық әйелдер күнін, 22 наурыз-Ұлыстың Ұлы күнін, 9 мамыр-Жеңіс күнін және 1 қазан-қарттар күнін атап өтуді дәстүрге айналдырды. Ол мерекелерге арнап мәдени-көпшілік спорт шаралары ұйымдастырылып, аудан әкімшілігі тарапынан және демеушілер арқылы ақшалай-заттай сый-сияпаттар көрсетіліп келеді. Жыл сайынғы көрсетілген көмектерге жеке-жеке тоқталмай-ақ, 2018 жылы Ұлы Жеңістің 73 жылдық мерекесіне байланысты аудандық ардагерлер кеңесінің ұсынысына сәйкес, аудандық бюджеттен аудан әкімінің және аудандық мәслихат депутаттарының келісіміне әр соғыс ардагеріне 3631550 теңге көлемінде қаржы бөліп, аудан көлеміндегі 6-Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне 21789300 теңгеге 6 Нива автокөліктері алынып, сыйға беріліп, кілттері тапсырылды. Жыл сайынғы өтетін шаралар биылғы жылда жалғасын тапты.

8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай, Батыр аналар, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелерін мақтау, марапаттауларымен қатар, аудан әкімі Ардақты аналарды, іскер қыз-келіншектерді қабылдап, арнайы дастархан жайып, сый-құрмет көрсетсе, 22 Наурыз мерекесіне орай аудан ардагерлеріне, ардақты әже-апаларымызға арнап, Шолаққорған ауылында 5 жерде кигіз үйлер тігіліп, шағын аудандар бойынша қошеметтер жасалды.

Түркістан облысы бойынша 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбеков арнайы іс-шаралар жоспарын бекітіп, нақты жұмыстар атқарылды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушыларына арналған мақалалар жергілікті баспасөз құралдарында жарияланды. Ұлы Отан соғысына қатысқан көзі тірі 2-ардагерлердің өмір жолы туралы Әлеуметтік желілерде насихатталып, Шолаққорған ауылында және Сызған, Созақ ауылдарында бильбордтар жасалып, баннерлер ілінді. Аудандағы барлық мектептерде Отан қорғаушы күні және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 77 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарына сәй-

кес «Ерлік сабақтары» өткізілді. Жергілікті «Созақ үні» газетіне аудан әкімі М.Тұрысбеков пен аудандық мәслихат хатшысы Б.Байғараевтың құттықтаулары мен мақалалары жарияланды.

7-мамыр күні аудан орталығы шолаққорған ауылындағы Жеңіс саябағында «Белгісіз солдат» ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, марқұм болған әруақтарға арнап құран оқытылды.

Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, Ұлы Отан соғысының қатысушыларының жесірлеріне, тыл ардагерлеріне, Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілгендерге, Чернобыль апатына, Ауған соғысына және Ауған-Тәжік соғысына қатысушыларына аудандық бюджеттен қаржылай марапаттар көрсетіліп, жеке есеп шоттарына толығымен аударылып берілді.

«ИНКАЙ» БК ЖШС демеушілігімен «Нұраман» тойханасында 100 адамға 1 млн теңгеге мерекелік дастархан жайылып, түстік ас берілді. 2-Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, облыс әкімі Ө.Шөкеевтің құттықтау хатымен 1 млн теңгенің сертификаттары табыс етілді. 8 мамыр күні аудан әкімі М.Тұрысбеков 2 Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің үйлеріне арнайы барып құттықтап, қосымша 300 мың теңге және азық-түлік корзинналарын беріп қайтты. Аудандық ардагерлер кеңесі өздерінің жыл басында бекітілген жоспарына сәйкес 5-6 жыл көлемінде ардагерлерге арналған әр түрлі іс-шараларды, жиындарын, пленум, конференцияларын үздіксіз өткізіп келеді. Оған өздерінің қатысып, көріп жүрсіздер. Үстіміздегі жылдың 5-айының өзінде қазақы салт-дәстүрімізді насихаттау және ардагерлер ұйымының 35 жылдық мерекесіне орай, аудандық «Әке-әжелерден» құрылған топтардың жарысын өткізді. Оған ауылдардан 11 команда қатысып, жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен қаржылай, заттай марапаттар тапсырылды. Жеңіс мерекесіне орай шахматтан аудан ардагерлерінің жарысы ұйымдастырылса, ауданның «Құрметті азаматы» медицина саласының үздігі, бірнеше кітаптың авторы Бүркіт Арынбековтың кең көлемде аудан жастарына мамандық таңдауларына жол ретінде еңбек-тәжірибелері насихатталса, Бабата ауылында «Ардагерлердің дара жолы» тақырыбында, «Ленин» орденінің және бірнеше медальдің иегері марқұм Нұрділдаев Өксікбай қарияның рухына арналған іс-шара

өткізілсе, ардагерлер ұйымының 35 жылдығына орай, «Әжелердің сазды әні» байқауы, волейболдан ардагер спортшы Тоқаев Рысбекті еске алуға арналған аудан ардагерлері арасында жарыстар ұйымдастырылды.

Осыдан үш жыл бұрын Түркістан облысы құрылып, орталығы Түркістан қаласы болып белгіленді. Осы үш жылдың өзінде Түркістан қаласы адам танымастай өзгерді. Қарқынды жүргізіліп жатқан құрлыс жұмыстарымен оны ұйымдастырудағы жауапкершіліктің арқасында Түркістан бүкіл түркі жұртының орталығына айналды. Түркістан қаласының кескін-келбетін таныстыру мақсатында аудан ардагерлеріне арнап саяхаттар ұйымдастырылды. Аудан, ауыл әкімдерінің және демеушілердің арқасында 300-ге жуық ардагер жаңарған Түркістан қаласымен танысып қайтты.

Құрметті қариялар, ақ жаулықты абзал әже-аналар!

Бүгінгі жиынның мақсаты, аудандық ардагерлер кеңесінің немесе бастауыш ардагерлер ұйымдарының атқарған жұмыстарын тізбелеп, есеп беру емес, Республикалық ардагерлер ұйымының 35-жылдығын атап өтіп, ардагерлеріміздің өткен күндеріне, қазіргі жағдайларына қысқаша тоқталып, ардагерлер қоғамының қажеттілігіне ой жүгірту еді. Әйтпесе әлі күнге дейін белсене қоғамдық жұмыс атқарып, тәжірибелерін, әр түрлі салалардағы қажырлы еңбегін жұртшылыққа арнап, аттары белгілі болған, тіпті аудан ауқымынан тасып-төгіліп облысқа, республикаға дейін белгі болып жүрген, ауданның дамып, өркендеуіне үлесін қосып келе жатқан, еліміздің тыныштығымен бірлігін насихаттап жүрген ардагер азаматтарымыз жоқ емес, бар! Осындай ардагерлеріміздің белсенді жұмыстары үшін алғысымызды айтуға рұқсат етіңіздер. Қажырлы еңбектерімен елге қызмет еткен ардақты ардагерлеріміздің өткен өмір жолдарына жеке-жеке тоқталмады деп айып етбеңіздер. «Ел ағасыз, тон жағасыз болмайды» деген. Әрқашанда ардагерлеріміз сол биіктен төмендемей, қартайып барам деп уайымға салынбай, жүздеріңізден мейірімдеріңізді төгіп, сергек те ширақ жүріңіздер. Бәріңіздің дендеріңізге саулық, бақ-береке, шаттық тілеймін. Еліміз аман, жеріміз тыныш, мереке құтты болсын. Балаларымыз бен немерешөберлеріміздің болашағы жарқын болсын!

Колхоз кезі. Елдің тұрмыс-тіршілігі нашар. Ауылға техника келмеген кез. Электр жарығы жоқ. Егістік жердің ат көлікпен айдайды. Барлық жұмысты қол күшімен істейді. Дегенмен колхозшылардың жұмысқа деген ынтасы жақсы. Энгельс атындағы колхоз 200 (екі жүз) гектар жерге бидай егеді. Колхоз басшылығы колхозшыларға істеген еңбегіне ақша бермейді. Еңбек күн деген бар. Бригадирлер табель толтырады. Жыл аяғында қанша еңбек күні бар, соған қарап бидай береді. Шешем Дариға колхоз мүшесі. Әкем соғысқа кеткен. Бізді асырау үшін анам колхоз жұмысына аянбай еңбек етіп, жыл соңында 3 (үш) қап бидай алды. Шешемнің абысындары Жадыра, Несіп, Айдыңғыз әжелерде сол шамадан колхоздан бидай алған. Оны ұн қылатын ауылда су диірмен жоқ. Амансыздан ше-



Еңбегімен ел құрметіне бөленген аталар жайлы айтсақ

шешем Жадыра екеуі 2 қап бидайды диірменге апару үшін Кемел мен мені (автор) Қарағұрға жұмсады. Екеуіміз екі есекке бидай артып жолға шықтық. Бұл 1948 жыл. Энгельс атындағы колхоз бен Қарағұр колхозының арасы 30 (отыз) км шамасы. Біздің жасымыз сол кезде 11-12 жастамыз. Диірменге түнделетіп жетіп, диірменші Жандарбек атаға соқтық. Соғыстан келген—ау, екі балдағы бар. Жұмысымызды айттық. Балалар диірменде бидай көп, кезек бір аптадан кейін келеді, күтесіңдер деді. Біз ренжіп төмен қарап тұрмыз. Бір кезде ата айтты. Жоғары жақта Қошқар деген диірменшіге барыңдар. Мүмкін сол диірмен бос шығар деді. Ай жарығымен Қошқар атаның диірменіне жеттік. Қошқар ата да балдағына сүйеніп тұр. Диірменде астық көп, өрлендер Ағылұқтың диірменіне барыңдар деп жөн айтты. Жазған құлда шаршау бар ма дегендей іздеп жүріп Ағылұқ ата диірменіне жеттік. Ағылұқ ата да соғыстан келген—ау бір аяғы тізеден кесілген, балдақты шал екен. Жұмысымыздың мәнісін түсінген ата, сендер төменгі Энгельс колхозынан келіпсіңдер, бидайларыңды түсіріңдер деді. Біз қуанып бидайды көліктен түсірдік. Атаның айтқан жеріне екі қап бидайды қойдық. Байқасақ ол жерде оншақты қап бидай тұр. Ата бізді үйіне ертіп барды. Шай-пай ішіп қондық. Таң атты. Ағлұлық атаның әйелінің аты Фатима екен. Бізді тамақтандырды. Бақтияр екеуің анау таудың бетінен алып жусан шауып әкеліңдер. Шалға айтамын. Бүгін бидайларыңды тарттырып беремін, деп қолқа салды. Жұмысымыз түсіп тұр. Екі есекпен кетпен алып жусан шабуға кеттік. Бір есек жусан шауып, ошақ қасына түсірдік. Фатима апа қуанып, міне жігіт деген осындай іс тындырады деп бізді мақтап қойды. Шалына айтқан—ау ата бізді диірменге жүріңдер деп, диірмен шанағына екі қап бидайды салды. Сол күні кешке дейін ұн тартылып бітті. Біздің қуанышымызды шек жоқ. Кешке сол үйге тағы қондық. Ұннан үш-төрт қос ұсын Фатима апаға беріп, бізге жолда жейтін нан пісіріп беріңіз деп етіндік. Азанда жолға шықтық. Фатима апай бізге 4 тандыр нан берді. Біз қуана қуана қойнымызға тығып алып, ауылға бет алдық. Сол заманда Алтын-тау колхозы мақта егеді екен. Біздің жолымыз мақта еккен жердің жанында көлігіміз анда санда мақтаны жұлып жеп келеді. Екі кісі су сугарып жүріп бізге мақтаны жегізбе деп зекіп ұрысқаны әлі есімізде.

Кейін мақта егу аудан колхоздарында тоқтады, оған ауа райы суық, мақтадан өнім аз болған болуы керек. Біз бала болсақ та соны білеміз. Ауылдағы көп колхозшылар біз құсап, Қарағұрға ұн тартуға сабылып, жолаушылап жатқаны. Осындай қиын шаруаның шешуін аталарымыз Қойбағаров Көшербай және Бейгенжиев Әділбай жеңілдетті. Колхозшылардың етініші арқылы, колхоз басқармасы

Тұяқбаев Төлепберген жоғарыдағы екі атаға су диірмен салуға нұсқау беріпті. Екі атам екі диірмен салуға әрекет жасай бастады. Диірмен тасты Ақсұмбе, Сауысқандық деген жерден дайындайды. Ол жер 60-70 км жерде. Сонау Инелінің шығысында Диірментәу деген жерге кетті. Диірментәудан тасты түйеге артып әкелді. Диірментасты түрлі құралдар арқылы лирлей бастады. Көп еңбекті қажет ететін жұмыс екен. Оны дайындау үшін ерінбеу, қызығушылық таныту, іске деген ерен еңбек керек екен. Күнде екі аты диірмен тасты тықылдатып он шақты күнде тасты дөңгелетіп, тесіп бақалақ тұратын, бидай түсетін тесік жасады. Бидай салатын ағаштан шанақ жасады. Енді бір күні диірмен тасты айналдырауға керек -3 м темір іздеп, Қызылбайрақ (бұрынғы) колхозының маңындағы шахтаға кетті. Сол жақтан білеу мықты темір тауып әкелді. Ол темірге ағаштан қалақша орнатты. Диірмен тас дайын болды.

Аталарымыз диірменнің орнына кірісті. Төрт бұрыш тереңдігі 2-3 метр жер қазды. Ішін қабырғасынан таспен өріп шықты. Ол жерге есек қйып там салды. Биік жерден су ағатын арық жүргізді. Астау, науа орнатты. Не керек диірмен жүргізу үшін көп уақыт кетті. Диірмен жұмысына Исабай, Смайл, аталары көмектесті. Үлкен ұлы Ибнаби көмектесіп жатыр. Көп қорқытады, көптің ісі көл деген осы. Собынмен көптен күткен су диірмені іске қосылды. Колхоз басқармасы, қасында активтері Сенбі, Мұса, Өтегендер келіп, диірменнің жүргені үшін екі атаға рахметін айтып, шағын жиын өткізді, еңбегі еленіп, аталарға сойысқа 2 қой, 2 радио телевизор сыйлады.

Көшербай атам ескіше оқыған сауаты бар кісі еді. Құран кітапты оқып қазақша мазмұнын айта берді. Мергендігі бар, мылтық ұстайды. Реті келгенде тауға шығып, аң атады. Елге деген, ағайынға қамқорлығы күшті еді. Көшербай ата 1958 жылдары қайтыс болды. Атам өлгенде Сенбі деген соғыстан келген інісі, өкіре жылап, Айналайын ағажаным-ай, сен барда кетпен күрек сабым дайын еді,— деп жоқтау айтқан екен. Бұл деген сөз атамның ағайынға деген қол қайыры көптігі еді. Етік тігетін өнері бар. Маған да талай рет шегеленген етік тігіп берген бар. Атам екі ұлы Бибіжан екеуі өмірге 1 ұл, 5 қыз өсіріп тәрбиеледі. Үлкен ұлы Ибнаби көкеміз отан соғысының ардагері. Жеңеміз Күлпаш екеуі өмірге төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Көшербай атаның немересі Тұрғанбай, Қонысбай, Қорғанбай, бәрі үйленген ата-әже болып өмір сүрді. Тұрғанбайы шофер болып, зейнеткерлікке шықты. Қаратауда тұрады. Көшербай атамның қыздары Шымкентте үйлі-бала шағалы жандар. Ең кіші қызы Есенкүл журналист, іскер азаматша, Ұлтай қызы мұғалім, Жаңылқыз, Айнапқыз, Айнат деген қыздары үй шаруасында. Атам екеуі балажан қыздарының атын атамай бәрін «Торланбике» деп

атаушы еді. Атам қайтыс болған соң әжеміз Бибіжан бір жылдан соң қатты ауырып, мұрнынан қан кетіп тоқтамай қалы төмендеді.

Ибнаби көкем маған (автор) Созаққа атпен барып, дәрігер шақыр, әжең кетуге айналды деп жұмсады. Мен атпен түнгі сағат үш те жетіп, дәрігерге жеткіздім. Әжемнің мұрнынан аққан қанын тоқтатты. Әжеміз солай бір ажалдан қалды. Көп жыл өмір сүрді. Әжеміз 1970 жыл шамасында өмірден озды. Атамның диірмен жүргізу тірлігін көрген, оның қиындығына көзім жеткен соң ойланамын. Апырай Қарағұрдағы балдақты аталар су диірменді қалай жүргізген. Не деген жанкештілік, өмірге құштарлық, елі үшін, халқы үшін аянбай тер төгіп, еңбек сіңіргеніне мен есейе келе таң қаламын. Адам баласы басына түскенде қандай ауыр жұмыс болса да жеңе біледі екен—ау деймін.

Әділбек атаға келсек, ол кісі де жұмысы ауыр қара үй жасаумен айналысты. Үйдің сүйегін (ағашын) дайындау үшін, мықты материал сәмбі талды таңдады. Ауылдағы Қаратаудың сай-саласынан сәмбітал кеседі. Оны тасиды. Бір қара үй жасау үшін қанша ағаш кететінін, кез келген қазекем жобалай алады деп білемін.

Сол ағашты лирлеп, қозға (қидың) салып, ысытып тезге салып, түзулеп, ию арқылы ағашын дайындайды. Атам Әділбай ағаш шебері екен—ау дайын болған үй ағаштарын бұрғымен теседі. Оны түйенің мойнақ терісінен көктейді. Шаңырағы ағаштан шеңбер етіп жасап уық тұратын тесіктер жасау, осының бәрі математикалық есеп, әрбір тесікті шығару үшін, размерлеп, өлшеп отыру үлкен еңбекті қажет етеді. Үй жасау үшін үлкен шеберлік, ақыл парасат керек—ау.

Қара үй, немесе су диірмен жүргізу қазіргі жастардың қолынан келер ме екен. Әй қайдам жастар дайын нәрсеге құмар көбісі қиыншылықтан қашады. Қазақтың «жауы» жалқаулық деген тәмсіл бар. Жақында газеттен «Ер шабатын ер бар ма» деген мақаланы оқып үлкен ойға қалдым. Ат өзбелдерін (жүген, тоқым, ер, үзеңгі т.б.) жасауда үлкен өнер екен—ау деймін. Қолының ебі бар жастар осындай ұлттық өнерге назар аудармайды.

Әділбай атам сол жылдары жылына 2 қара үй жасады—ау шамасы, үйлер ағашын бояу үшін жон жайлауында жоса дейтін қызыл топырақ бар. Сол табиғи бояу, соны қаптап әкеп, суға салып ерітіп, кереге, шаңырақ, есікті уықты бояғанын білемін. Екі атамның сол тірлігі бүгінгіше айтқанда «кәсіпкерлік» екен ғой. Ол кісілер сол заманның мықты кәсіп иесі болғанына көзім жетіп отыр. Әділбай атадан бір ұл, 6 қыз болды. Қыздары тұрмыс құрған, бүгінде әже болды. Ұлы Әбілхас көп жыл шахтада қарауыл болып зейнеткерлікке шықты. Әділбай атаның немересі Жасұлан Қаратауда тұрады, бір немересі Асқар Кентау қаласында тұрып жатыр. Екеуі де өндірісте жұмыс істейді. Соңғы

кезде Әділбай атам колхоздың қойын бақты. Көшербай ата ешкі бақты. Сол кездегі малдар еділбай тұқымды қазақы қой еді. Жүн алады. Қойды сауып, май құрт салады. Оларын колхоз қоймасына өткізіп отырды. Көшербай ата ешкі бақты. Ешкіні сауыншылар сауады. Сүтін колхозшыларға жан басына бір метрден тізім арқылы таратушы еді.

Ешкілерді тауға жайып түсте суатқа әкеп иіріп аздап демаламыз. Атамның қасында көп жүріп мал сою сырын меңгердім. Ешкіні сауып, қарындағы айранға қосады, оны «ақта» деп атайды. Соны ішіп, әңгіме дүкен құрушы едік.

Мен балалық әуестікпен табиғат тылсым күштерін, жер, су аттарын сұраймын. Көшербай атам биік тауларға көз жіберіп, қолын созып анау тау Аққұз, анау тау Айғыржал, әнебір Қаратау Ержанқара, оның ар жағында Күмістінің көлі, қасындағы тау Айғырұшқан-деді. Мына сай ұзынрақ асуы, онымен түйегі көш жүгін артып жон жайлауына шығады. Мына сай Теректі асуы, ана сай Шабан асуы аталады—деп жер аттарын маған түсіндіргені бар.

Енді бір әңгімесінде бұл таулар кенге бай, алтын, күміс, мыс жер асты тола қазынаға бай дейді. Кезінде көресің орхнасы бәрін өкімет келешекте меңгереді—деп болжам жасайды. Атамның бұл болжамы шындыққа айналды. Күмісті, Алтынтау атырабында алтын өндіретін әндіріс ашылды. Көптеген жастар жұмыспен қамтылды. Еңбек етіп бала-шағасына нәпақа табуда. Бұл жерде Энгельс атындағы колхоз орналасқан. Аудандағы 41 колхоздың бірі. Іргелі озат шаруашылық, колхозды басқарған Тұяқбаев Төлепберген Социалистік Еңбек Ері, шопан Шолақбаев Құрмаш «Ленин» орденінің иегері. Сондай-ақ шопандар Бөлекбаев Бейсе, жылқышы Нысанбаев Махан, Мыңбаев Дүйсен «Еңбек Қызыл Ту» ордені иегері, ондай орденді ферма бастық Жақыпов Өтеген де алды. Озат шопандар Әлімбетов Ысқақ, Шерімбетов Төлеген, Беркінбаев Тұрсынбай, түйіші Жәрмекей ата, озат колхоз мүшелері Омарова Несіп, Қазымила, Күлпаш, Қыздығой, Алтынқұл апалар мен әжелер жұмыс істегенін білемін.

Энгельс атындағы жеті жылдық мектепті бітірген Мұсаев Кеңесбай филология ғылымының докторы, академик Москвада МГУ-де сабақ берген, Нәлеев Оңалбек техника ғылымының кандидаты, Бейсенбаев Сәбет математика ғылымының кандидаты болды. Өкінішке орай жоғарыдағы аталар мен әжелер Тәуелсіз Қазақстанды көре алмай кетті. Аталардың ұрпақтары біздер көріп жатырмыз. Өмір өз дегінін істейді. Бұл табиғат заңы.

Елтай ЕСТАНҰЛЫ,
Созақ ауданының
Құрметті азаматы,
Зейнеткер ұстаз.

Эхинококкоз ауруы дегеніміз не?

Эхинокок — таспа құрттың бір түрі. Денесі 3-4 буыннан тұрады, ұзындығы 2-6 мм. Бір камералы, дамуы жетілген Эхинококкоз — іші сұйыққа толы, сырты қабықты көпіршік. Таспа түріндегі сатысы кейбір етқоректі және жыртқыш сүтқоректілердің ашы ішегінде дамиды. Эхинококтың дернәсілі адамның, сүтқоректілердің (аралық иесі — қой, ешкі, сиыр, солтүстік бұғысы, ит, мысық, үй қояны, тышқандар) әр түрлі ішкі органдарында (көбінесе бауыр, өкпе, бүйрек, талақ) паразитті тіршілік етеді.

Ересек эхинококкоз (ұзындығы 0,5 см-дай) ит организміне түскеннен кейін 45-95 тәулік өткесін бірнеше бөлікке бөлінеді. Сыртқы ортаға шыққан бұл бөліктерден жұмыртқа пайда болады да, олар шөпті, топырақты, мал түгін, суды, т.б. ластайды. Жылдың ылғалды кезеңдерінде (күзде, қыста, көктемде) 3 айға дейін тіршілік қабілетін жоймайды.

Ауру қоздырғышы негізінен иттен, аздап қасқыр, шибөрі, түлкіден тарайды. Итке ауырып өлген мал өлекесін не ішекқарын қалдықтарын жегенде жұғады. Адамға иттен жұғады. Адам ішегіне түскен эхинокок жұмыртқасы қан тамырына өтіп, одан қан арқылы бауырды, өкпені, т.б. ішкі органдарды зақымдайды. Адам эхинококкозбен ауырғанда әр түрлі белгілер байқалады. Мысалы, бауырды зақымдаса, адамның оң жақ бүйірі ауырып, әлсіздік, эхинокок өкпеге түссе, адам еңтігіп, жөтеледі, түкірігінде қан пайда болады.

Алдын алу шаралары: тазалық сақтау, қайнамаған су, сүт ішпеу және үй жануарлары мен құстарды жылда тексеріп тұру. Ауру таратушы иттерді бұл аурудан сақтандыру жолдары қиын емес. Ол үшін өлген малдардың етін, үйде сойылған малдардың құрт ысық орналасқан ағза мүшелерін, өкпе, бауырларын ит, мысықтарға жегізбей терең шұңқырларға көміп немесе өртеп жіберген дұрыс. Асыранды иттерді аулада байлап ұстау, нәжістерін өртеп жіберу, жыл сайын мал дәрігерлеріне тексеріп тұру, паразитке қарсы дәрі беру арқылы құрттардан тазартып тұру керек.

Қ.АҚҚУЛИЕВ,

Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бөлім басшысы.

Хабарландыру!

«Уранқуат» ЖШС Таукент филиалында электрқұрастырушы (электромонтер) мамандығына бос жұмыс орындары бар екендігін хабарлаймыз. Мекен-жайымыз: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті, Қанжуған кеніші. Байланыс нөмірі: 7 701 492 1176.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №13 мекен-жайында, 2022 жылдың маусым айының 17 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық СЭББ.

Шөпті алқаптарда аса сақтық қажет

Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нәсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқындарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Елбасы АРЫНОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Аудандық ардагерлер Кеңесі кеңес төрағасының орынбасары Әбубәкір Сахияұлына қайын енесі

Тотының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі экологиялық ахуалды талдау, біздің ұлттық байлығымыз: мұнай ресурстары мен жерасты пайдалы кені азаматтарымызға зиян келтірудің орнына, олардың игіліктеріне қызмет ететіндей бағытта мемлекет пен қоғам тарапынан нақты негізделген тұғырнама жасау қажеттілігін көрсетті.

Егер экологиялық проблема болса, демек халықтың денсаулығы зардап шегіп отыр деген сөз. Сол себепті адамдардың денсаулығын қадағалап, осы жағдайды шешіп алу керек. Әрине, егер бізді қоршап тұрған табиғат әсем

теріне душар болған жағдайда, тыныс жолдарының қабынуы, бронхит, еңтікпе, өкпе — тыныс жолдары ауруларынан зардап шегеді.

Күкіртті ангидрид — жылу алу кезінде көмір мен мазуты жағады, сол сәтте бұл зат ауаға түседі. Мысалы, 1 млн. тонна көмір жаққан кезде 25 мың тонна күкірт бөлінеді. Әрине күкірт жеке элемент күйінде емес, күкірт тотығы ретінде ауаға шығарылады. Бұл газ оттегімен тотығып, су буымен қосылып, күкірт қышқылын пайда етеді.

Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болғаны жөн. Енді оларға не

Қоршаған ортаның адам денсаулығына әсері

де, көз тарталық сипатта болса, қандай ғажап болар еді. Сонымен қатар, адамдардың денсаулығы мықты, экологияның әсерінен туатын дерттің саны аз болса, адамдар әр жұмысқа қабілетті, ел экономикасының одан әрі дамуына әсер етер еді. Ұлан — ғайыр кең даламыз бар, ал сонда тұратын халықтың саны тек 15 миллиондай ғана, демек бізге дені сау, білімді, қабілетті ұрпақ қажет.

Енді атмосфераны ластайтын негізгі заттарға шолу жасап өтейін.

Күкірт диоксиді — ауадағы ылғалдың әсерінен күкірт қышқылына (H2SO4) айналады. Құрамында күкірт қышқылы бар тұман немесе ылғалды ауа адамның, жануарлардың тыныс жолдарының кілегей қабаттарына, терісіне әсер етеді.

Фторлы сутек — өте улы. Бұл зат пластмасса қалдықтарын жаққанда пайда болады. Уллы зат адам ағзасына біртіндеп еніп, жүйелі түрде жинала берсе, созылмалы ауру пайда болады. Оның басты белгілеріне келсек: адам тез шаршағыш келеді, ұйқысы келеді немесе ұйқысы қашады, бей жайлық, ұмытшақтық, көңіл — күйінің тез өзгеруі, зейінінің төмендеуі байқалады. Уллы заттар адамның қан айналым мүшелеріне, жүйке жүйесіне, бауырына әртүрлі әсер етеді.

Көміртегі оксиді (CO 2) мен моно оксиді (CO). Көміртегі оксиді улы емес, ал моно оксид — улы. Ол адамның қанындағы гемоглабинмен қосылып, зиянды қоспа түзеді де, ауру туғызады. Деректерде: XIX ғасырдың 20 — жылдары CO2 мөлшері — 0,29 % болған. 1990 жылы — 0,35 %, яғни 20 пайызға көбейген. Ал 2000 жылы — 30 пайызға жеткен екен.

Азоттың қосылыстары — атмосфераға ормандағы өрттен, ірі өнеркәсіп орындарынан бөлінетін заттар. Адам баласы азот оксиді-

жатынына тоқтала кетейік: Олар — темекі тарту, спирттік ішімдіктерге, есірткілік заттарға салыну. Арақтың орнына қымыз бен қымыран іш, темекі тартудың орнына таза ауада көбірек жүр. Жастарға есірткіні пайдаланба, көңіл көтеретін мәдени көпшілік орындарына баруды әдетке айналдыр дер едім. Еңбек адамды тәрбиелейді. Сондықтан жұмыс істеуден қашпаған жөн. Жалқаулыққа салынудың соңы жақсылыққа апармайды. Имандылық жолына түсіп, жылына бір келетін оразаны тұтып, оның тәртібін сақтағаныңыз дұрыс. Дүниеде бұған тең келетін ештеңе жоқ.

Біз табиғаттың, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуіміз керек. Өзіңізді қандай көрсеніз, өзгелерді де солай көріңіз. Адамдар бір-бірімен дос, бауырлас, сыйлас, рақымды, мейірімді болса, нұр үстіне нұр жауады. Әрқашан жаман ойдан аулақ болыңыз. Адам өзін өзгеден кем сезінуі, денсаулығының нашар екендігін ойлап қамығуы, көз алдына өлім қорқынысын елестетуі ойды бұзады.

Сөз соңында қайыра айтарымыз, халық денсаулығы тек медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршаңыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі болмақ.

Ф.БҰРХАНБАЕВА,

Созақ аудандық СЭББ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттер бақылау бөлімінің бас маманы.

Суға шомылу кезіндегі ережелер

- Тек қана суға шомылу үшін бөлінген жағажайлар мен орындарды пайдаланыңыздар.

- Қоршау белгілерінен әрі бармаңыздар, тыйым салынған орындарда суға шомылмаңыздар.

- Ата-аналар және балалар мекемелерінің жетекшілері! Балалардың қадағалаусыз шомылуына жол бермеңіздер!

- Мас күйде суға шомылуға тыйым салынады.

Суға шомылушыларға кеңес

- Суға абайлап кіріңіз. Денеңіздің суға бейімделуіне мүмкіндік беріңіз.

- Өзіңізді қалтырауға дейін жеткізбей, 10-15 минутқа дейін ғана шомылыңыз.

- Аяқ-қолыңыз тартылған жағдайда - сасқалақтамаңыз, су бетінде қалуға тырысыңыз және көмекке шақырыңыз.

- Жүзе білмесеңіз, белден жоғары тереңдікке бармаңыз.

- Суға жалғыз шомылмауға тырысыңыз.

- Мас күйде суға шомылуға болмайды.

- Ағысқа түсіп кеткен жағдайда ағысқа қарсы жүзбеңіздер, ағынды жағаға жақындауға пайдаланыңыздар.

- Иірімге түсіп кетсеңіз, үрейге бой алдырмаңыз, терең дем алып, су астына сүңгіңіз де, ағыспен су бетіне шығыңыз.

- Суда тентектіктерге жол бермеңіз. Апат туралы жалған дабыл бермеңіздер. Бір-бірлеріңізден көз жазып қалмаңыздар.

- Қыздырылған күйі суға кіруге және тамақ іше салып суға түсуге болмайды.

- Егер өзіңізді нашар сезінсеңіз, суға шомылуды дереу тоқтатыңыз.

- Үлкен толқындар кезінде шомылмаңыздар және та- ныс емес орындарда суға секірмеңіздер. Қайықтан, ай- лақтан және басқа су құрылыстарынан сүңгімеңіздер.

- Жағажай жағалауларымен айдыңдарын ластамаңыз- дар. Өзіңізбен үй жануарларын әкелмеңіз.

- Шомылғанда автокөлік доңғалағы камерасын, тақта- шаны, допты, үрлемелі матрасты т.б. қолданбаңыздар. Сақтансаң құдай сақтайды деген абай болайық ағайын.

Қуаныш ЕСЕНБЕК,

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау капитаны.

БЖЗҚ қызметтерін кез келген ыңғайлы формата алуға болады

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2022 жылдың басынан бері салымшылар мен алушыларға 14,4 миллионнан астам қызмет көрсетті. Оның ішінде 9,8 млн-нан астам операция электрондық форматта, 3,4 млн-нан астамы — автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, қазақстандықтар зейнетақы қызметтерінің 93% қашықтан алды.

Естеріңізге сала кетейік, Қор қызметтерін санаулы минуттың ішінде үйден шықпай-ақ алуға болады. Мысалы, eprf.kz сайтында және БЖЗҚ мобильдік қосымшасындағы жеке кабинет арқылы салымшылар кез келген уақытта және кез келген жерде жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме, ЖЗШ-ның бар-жоғы туралы анықтама алып, өз деректеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгілеуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өтініш беріп, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалап және т.б. қызмет түрлерін ала алады. Онлайн-форматта 2022 жылдың төрт айында 9,8 млн-нан астам қызмет көрсетілді.

Міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу — өтінішсіз қызмет көрсету форматында жүзеге асырылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

«Тіл өнерін сиқырлы сөз өнерін,
Оңбайсың сөз өнерін тежегенің.

Тілден алмас, жоғалса сөзден қанжар,

Бұл тірліктен бір күнде бөзер өдім» - деп, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев айтқандай, «түгел сөздің түбі бар, түн атасы Майқы би» салған аманатты жолдан айрылып, қасиетті қара сөздің мәнін, тіл өнерінің өрнегін жоғалтып алған сияқтымыз. Бұрынғы би-шешендеріміз екі ауыз сөзбен ел тағдырын шешіп, елдің ынтымағын ойлаған, сөйтіп дала демократиясының жолын қалыптастырған.



өмірге қонақ болып уақытша келеді. Олардың атында жақсы сөзі мен ісі қалады» деген.

«Аярлықтың тұмшалап көк тұманы

Адалдықтың бұл күнде кетті мәні.

Азғындығы асқынған дүниеге,

Адыраспан тұтатқым кеп тұрады» - деген ақынның сөзі рас шығар. Мүмкін сол адыраспан, біздің қасиетті қара сөзіміз болар.

Бір данышпаннан «ақылды адамды қалай танымыз?» дегенде, «сөйлеген сөзінен» депті. Қадыр Мырзалиев «қандай адам екеніңді білуге,

Ескіден қалған есті сөз

«Даланың дара ділмарлары» кітабында қазақтың 100 білім ел тағдырына араласып, әділеттілікті, адалдықты шындықпен шешу жолдарын қарастырды. Солардың ішінде Созақ өңірінен Шойынбет би, Беғалы би, Қожамжар мен Шілмембет билер шыққан. Заманнан оқ бойы озық туған жазушы, сыншы Асқар Сүлейменов «Созақ-қария, Созақ-мінез, Созақ-өнер» - деп, Қаратау баурайындағы елдің қасиетін осылай бағалаған.

Үштөбе, Жартытөбеден шыққан Шойынбет би менің атам Әсілбек қайтыс болғанда «бауырым, қызыл тілім» - деп, көңіл айтыпты. Шойынбет би берісі Түркістан, арысы Шымкент, Әулиеатаға дейін ел билігіне араласып, даулы мәселелерді шешуге араласқан. Ол жөнінде «Даланың дара ділмарлары» екі томдық кітапта айтылады. Бірде Бабаталық Шәлімбетов Қуаныш Шойынбет би жайлы қандай әңгімесін білесіз деді.

Бір жында Сыздық төре Шойымбет биге сұрақ қойыпты. «Байлық артық па, дәулет артық па, өнер артық па, тіл байлық артық па» - деп. Сонда Шойынбет би: «Байлық қолда ұстаған мұз, еритін де кететін, дәулет сел көшкін ағатын да ететін, өнер ризық, несібе таусылмайтын, тіл байлық ізгілік мұрат ұрпаққа сөз қалдыратын» - деп, жауап беріпті. Шойынбет бидің атында Жартытөбеде және облыс орталығы Түркістан қаласында Шымкенттен кіреберіс көшенің қиылысында тағы бір көшенің аты берілген.

Шу совхозында мен екі рет қызметте болдым. Сол елдің абыройлы кісісі, ел басқарған Әдіпов Тілеубай Шу бойында өмір сүрген Сапақ датқа, Ықылас күйші, Отыншы бай мен оның інісі Өлке жайлы біраз естелік айтып отыратын. Осындай ескі әңгімеге жақын абайлық Алпан деген азаматты байқадым. Отыншы бай мен оның інісі Өлке туралы әңгімені маған толықтырып айтып берген осы азамат болатын. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» -

деген, Хакім Абайдың осы сөзі көп адамға ой салатын шығар. «Тексіз білімдіден, білімсіз текті артық» деп бекер айтылмаған. Сол әңгіменің бірі Өлке жайлы. Шу селосынан үш жүз шақырым жерде Өлке деген жердің аты бар. Бұл бұрынғы Шу совхозының 7000 жылқысының жазғы жайылымы болатын. Бұл жер Өлкенің атымен аталады. Өлке Отыншы байдың інісі болған, қайтыс болғанда осы жерге жерленген.

Ол кісі өркеніетті елдердің тілімен айтқанда аристократ (ақсүйек) болған. Ол кісінің серілігіне, кісілігіне, қадір-қасиетіне ешкім тең келмеген.

Оның атағын, даңқын естіп сынамақшы болып Бағаналы найман елінен 100-шақты адам меймандыққа келген екен. Бағаналы елінің басшысы жігіттеріне аттарының шылбырын, шідерін алмаңдар, барған елдің жағдайын білеміз депті. Сау етіп келген қонақтарды Өлкенің жігіттері күтіп алады. Өлке жігіттеріне шиге орап қойған дайын тұрған шылбыр, шідерлерін алдыртып, аттарын байлап береді. Киіз үйлерге жайғастырып, бір түсті көрпешелер төселіп, бір түсті жастықтар қойылады. Дастархандағы ыдыс-аяқтар, кесе-шайнектер бәрі бір түсті болады. Екінші қайтара жайылған дастарханға ыдыс-аяқ пен кесе-шайнек басқа түсте келтірілген екен.

Қонақтар еліне қайтарында «Бұл Өлке емес, ағып жатқан өзен екен ғой» - депті. Отыншы бай айтқан екен, «байлығым менде болғанмен, атағы Өлкеде қалады. Мен қайтыс болғанда мені аяғына жерлеңдер, тірісінде дес бермеген Өлкемен қатар жатпайын» - деген екен. Бұл ірілікке келетін нағыз мінез емес пе.

Иә, біздің дәуірімізде мемлекет, қоғам қайраткері Еркін Әуелбеков «мен атыма, абыройыма, кісілігіме дақ түсірген жоқпын, кейінгіге қалдырған байлығым да мұрам да осы» - депті.

Орта ғасыр ғалымы Жүсіп Баласағұн «адамдар бұл

бір-екі сәт жетіп жатыр сол маған» деп айтыпты.

Шекспир «кітап маған алтын тақтан да қымбат» - деп, кітаптың бағасын солай жеткізіпті. «Оқудан қалған адам, ойлаудан қалады» деген, кітап оқыық ағайын.

Тағы бір әңгіме. 1932 жылы ел ашаршылыққа ұшырап, басы ауған жаққа көшіп жатты. Ықылас күйшінің баласы да отбасымен елден көшіпті. Жолда өзектері талып, жүруге шамалары келмеген соң, күйшінің қобзын тастайық депті. Сонда Ықыластың келіні қалдырсақ баланы тастайық, атамның киелі қобзын тастай алмаймыз, аман болсақ бала тағы табылар деген. Бірақ өздері шыдамдылық көрсетіп, баланы да, қобызды да аман алып шығыпты. Ана қасиетінің құдіреті мен мейірімділігінің арқасында аштық пен жол азабынан аман қалыпты. Көрген білгенін айтпаса аға кінәлі деп, ескіден қалған бір-екі сөзді айтқым келген еді. Үлкеннен нақыл кетсе, кішіден ақыл кетеді. Үлкен сырлы ақын Сырбай Мәуленов «балаларға айтатын аңыздар көп, соны айтпай келеміз қарыздар боп» - деп айтқандай, бүгінгі жастарға айтатын әңгімеміз қалмаған сияқты. Жазушы Герольд Бельгер «Сен неміс те, түрік те, ағылшын да, американдық та бола алмайсың, өзіңді жоғалтсаң өзге де бола алмайсың» деген екен. Мұқағалидің сөзімен бастап едім әңгімені, соның сөзімен аяқтайын.

«Қарағым ата-бабаң момын халық,
Өтіпті бір-бірінің жолын бағып.

Өсиетін бабаңның орындай сал,

Одан ешкім кетпейді тоныңды алып».

Қазақтың қара сөзін сақтайық, ағайын. Қара сөзді сақтасақ, қазақты сақтағанымыз.

Сағынтай МҰСАБЕКОВ,
Созақ ауданының құрметті азаматы,
«Құрмет» орденінің иегері.

Қоғамға қосар үлесіміз мол

Созақ аудандық ардагерлер кеңесі биылғы жылдың жарты жылдығы ішінде қазақы салауатты өмір салтын насихаттау және ардагерлер ұйымының 35 жылдық мерекесіне орай, аудандық «Әке-әжелерден» құрылған топтардың жары-



старын өткізді. Оған ауылдардан 11 команда қатысып, жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен қаржылай-заттай марапаттар тапсырылды. Жеңіс мерекесіне орай шахматтан аудан ардагерлерінің жарысы ұйымдастырылса, ауданның «Құрметті азаматы» медицина саласының үздігі, бірнеше кітаптың авторы Бүркіт Арынбековтың кең көлемде аудан жастарына мамандық таңдауларына жол ретінде еңбектәжірбелері насихатталса, Бабата ауылында «Ардагерлердің-дара жолы» тақырыбында, «Ленин» орденінің және бірнеше медальдің иегері, марқұм Нұрділдаев Әксікбай



қарияның рухына арналған еске алу іс-шарасы өткізілсе, ардагерлер ұйымының 35 жылдығына орай, «Әжелердің сазды әні» байқауы, волейболдан ардагер спортшы Тоқаев Рысбекті еске алуға арналған аудан ардагерлері арасында жарыстар ұйымдастырылды. Кеңестің ішіндегі әжелер ұйымының төрайымы Маруа Қайыржанованың, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Пардабек Сақтапбергеновтың, ауылдық бастауыш ұйымдары төрағаларының ерен еңбектерін ерекше атап өткенді жөн санадым.

Жетілген САРМАНТАЕВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан
БАҚЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.